



ХҒТАР 15.81.70

Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/3080-1893-2025-151-2-84-96>

Қазақ жастары арасындағы діни конверсия феномені және оған әсер еткен негізгі психо-әлеуметтік факторлар

К. Калиев¹, Т. Аманқұл²¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана Қазақстан²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан(E-mail: ¹kashonti@mail.ru, ²amankul_2007temur@mail.ru)

Корреспонденция авторы: kashonti@mail.ru

Аңдатпа. Дін феномені қай кезеңде болмасын өз әсерін қоғамға тигізіп келеді. Дін кейбір адамдардың өмірінде маңызды элементтердің бірі болып есептеледі. Сол себепті қоғамда дінге қатысты мәселелер жиі кездеседі. Әсіресе өзекті болып отырған сол мәселелердің бірі діни конверсия тақырыбы. Діни конверсия жасаушылардың арасында жастардың үлесі өте жоғары. Жастардың жүріс-тұрысының, діни түсінігінің, өмірге деген көзқарастарының өзгеруі дінтану, психология және әлеуметтану сынды ғылым салаларының ғалымдарын қызықтырып отырған тақырыптарының бірі. Бұл мақалада діни конверсия ұғымына анықтама беріліп, қазақ жастарының діни конверсия жасауына әсер ететін негізгі психо-әлеуметтік факторлар зерттеледі. Алғаш болып зерттеу жасаған психологтардың көзқарастары да қарастырылады. Діни конверсияның қазіргі кездегі көріністері мен бұл тақырыпта жасалған зерттеулер талданады. Діни конверсияның феноменінің қазіргі қоғамда көбею себептері көрсетіліп, қазақ қоғамындағы және басқа мемлекеттердегі діни конверсия феномендері салыстырылып талданады. Яғни шетел әдебиеттеріндегі зерттеулерімен қоса, еліміздегі діни конверсия көріністері де қарастырылып, осы тақырыпқа қатысты теориялар да сараланады. Сонымен қатар зерттеуде сұхбат әдісі арқылы христиан дінін қабылдаған 25 респонденттің конверсия жасау тәжірибесі көрсетіліп, талданады.

Түйін сөздер: Қазақ қоғамы, діни конверсия, қазақ жастары, психо-әлеуметтік фактор, дін психологиясы, діни өзгеріс, депрессия.

Кіріспе

Жалпы адамзат өмірінде көптеген өзгерістерді бастан өткереді. Әрине адамның өзгеруі қоғамға да әсерін тигізбей қоймайды. Бұл өзгерістер кейде қоғамға зиянын

Түсті: 27.01.2025; Жөнделді: 17.03.2025; Мақұлданды: 25.04.2025; Онлайн қолжетімді: 28.06.2025

тигізсе, кейде бұндай өзгерістер адамды қиындықтан құтқарып, бақытты етуі мүмкін. Сондай өзгерістердің бірі діни өзгерістер. Яғни дінге қатысты көзқарастары мен ұстанымдарының өзгеруін айтамыз. Мысалы мұсылман адамның христиан болуы немесе керсінше христиан дінін ұстанушының ислам, буддизм сынды басқа да дінді қабылдауы, дінін ауыстыруын айтамыз. Бұл тек қана дін ауыстыру емес, сонымен қатар өмірге деген көзқарасының ауысуы деп те айтуға болады. Қоғамдағы болып жатқан бұл феноменді ғылыми тілде «діни конверсия» деп атайды. Бұл ұғым ағылшын тіліндегі «conversion» ұғымынан яғни ауысу, өзгеру деген сөзден шығады [1, 256]. Дін ауыстыру дегеніміз өзінің ата-бабасынан ұстанып келе жатқан дінін тастап, басқа сенімге немесе дінге өтуі. Адамның дін ауыстыруы – адам өзінің қате жолда болуын түсініп, дұрыс жолды таптым деп сол жолға өзін бейімдеуін айтамыз [1,536].

Ағылшын тіліндегі бұл «conversion» ұғымы өте кең мағынада қолданылады. Тек бір діннен келесі дінге ауысуды ғана емес сондай-ақ дінсіз болып жүріп, діндар болғандарға немесе дінде жүріп дінсіз қалғандарға да бұл ұғым қолданылады. Яғни дінге қатысты адамның көзқарастарының өзгеруін анықтайтын ұғым. Бірақ көптеген зерттеулер бір діннен келесі дінге ауысқандарды зерттеуде. Себебі бұл феномен қоғамда өте көп кездеседі. Дінін ауыстырған адамдарды ағылшын тілінде «convert» деп атайды [2, 486].

Әрине дін ауыстыру тақырыбын сонау ежелгі дәуірден бастап діндердің ортаға шығуы кезінде дінді қабылдаған қауымдардан бастасақ та болар еді. Бірақ діни конверсия тақырыптарының ғылыми зерттелуі көбіне 1900 жылдары психолог ғалымдардың зерттеулерінен бастау ала бастады. Себебі діни конверсия процесімен психология ғылымы тығыз байланысты, адамның дін өзгертуі оның психикалық жағдайы, тұлғалық дамуы және өмірлік таңдауларымен тығыз байланысты процесс болып табылады. Діни өзгеріс әр адамның ішкі дүниесінде маңызды өзгерістерге алып келеді, сондай-ақ оның қоғаммен және мәдениетпен қарым-қатынасына әсер етеді. Психология бұл процесс барысында адамның қажеттіліктерін, ішкі қақтығыстарын және бейімделу кезеңдерін түсінуге көмектеседі.

Жаңа діни ағымдардың шығуымен діни конверсия жасаушылардың саны тіптен артты. Шамамен 120 жыл бұрын бастау алған бұл феномен қазіргі кезде де өзекті болып отыр. Сондықтан бұл тақырыптағы зерттеулердің көпшілігі 1900-1960 жылдардан кейін ортаға шыққан зерттеулер. Қазіргі таңда зерттеушілер дінге сену мәселесін әртүрлі ғылыми көзқарастар тұрғысынан қарастыруда. Батыс мемлекеттерінде жүргізіліп жатқан зерттеулердің басым бөлігін әлеуметтанушылар, тарихшылар, саясаттанушылар және дінтанушылар зерттеуде. Сонымен қатар бұл тақырыпты психологиялық тұрғыдан да зерттеу тоқталған жоқ. Мысалы, Жаңа Зеландиядағы дінге бет бұрған тұлғалардың мінез-құлықтарының дамуы мен тұлғалық өзгерістерін психологиялық аспектілер тұрғысынан зерттеу жүргізілуде. Бұл зерттеулер адамның дінге сену процесінің ішкі психологиялық және тұлғалық өзгерістерге, сондай-ақ оның мінез-құлқына, әлеуметтік қарым-қатынастарға және психологиялық әл-ауқатына әсерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді [3]. Қазақ қоғамында бұл тақырыптар туралы ауыз толтырып айтуға болатын зерттеулер аз. Соңғы жылдары елімізде өзектілігі артқан діни конверсия тақырыптары дінтанушылар, психологтар мен әлеуметтанушылар тарапынан

зерттеулер аз болса да басталып жатыр. Діни конверсия немесе осы тақырыпқа ұқсас Қазақстандық зерттеулердегі негізгі мәселе ұғымдық мәселелер мен әдіснамалық және теориялық мәселелер екенін айта кеткен жөн. Сондықтан ұғым мәселесіне ажыратып алғанымыз жөн.

Әдіснама

Аталмыш мақалада «Діни конверсия» ұғымына анықтама беріліп, діни конверсия процестеріне әсер еткен психо-әлеуметтік факторға дін психологиясы тұрғысынан талдау жасалады. Зерттеуде діни конверсия тақырыбында жасалған алғашқы зерттеулердегі психологтардың пікірлері мен көзқарастары талданады. Сонымен қатар зерттеуде әлеуметтанулық әдістер қолданылды. Зерттеу барысында бақылау, анализ жасау, салыстыру әдістері қолданылады. Сондай-ақ бұл тақырыпта сапалық әдіс (терең сұхбаттасу) арқылы жүргізілген зерттеу нәтижелері көрсетіледі. Дін ауыстырғаннан кейінгі діни көзқарастар мен мінез-құлықтарын анықтау және бақылау мақсатында шіркеулерде жексенбілік рәсімдерге бақылаушы ретінде қатысу арқылы зерттеу жүргізілді.

Талқылау және нәтижелер

Жалпы жоғарыда айтып өткеніміздей діни конверсия тақырыбындағы алғашқы зерттеулерді психолог ғалымдар бастаған болатын. Алғашқы зерттеулер Америка мен Европа елдерінде 1900 жылдары бастау алған еді. Ол ғалымдардың қатарында атақты Уильям Джеймс, Зигмунд Фрейд сынды атақты психологтар да бар еді. Алғашқы зерттеулер христиан дінінің ішіндегі ағымдардың арасында жасалған діни ауысуларды зерттеген. Мысалы Католик бағытынан Протестант ағымына өткендерді негізгі зерттеу нысанына алып зерттеген болатын. Бұл зерттеулер Зигмунд Фрейдтің «Діни тәжірибе» (Religious Experience) еңбегіне сүйенген психоаналитикалық бағыттағы зерттеулер еді. Ең алғашқы зерттеулерде әлеуметтік факторлар негізге алынбайтын. Көбіне қиындыққа тап болған адамдар мен жан мен рух ауруы, ауытқуы бар адамдарды туралы зерттелген. Діни конверсияны ауруы бар адамдардың сол ауруынан құтылу үшін өміріне жасайтын діни өзгерістер ретінде қарастырған болатын. Яғни Зигмунд Фрейдтің дінді невроз деп атауымен байланысты жасалған зерттеулер болатын. Барлық психологтар осы бағытта қарастырды деп айтуға келмейді. Арасында дінді позитивті тұрғыдан да қарастырған психологтар болды.

Алғашқы дін психологиясының негізін қалаушылардың бірі Уильям Джеймс психологиялық тұрғыдан конверсияны «Адам психикасының бір бөлігінің ыдырауы және оның орнына басқасының келуі, тұлғаның өзгеруі, тұлғаның қайта қалыптасуы» деп анықтама берген [4]. Діни конверсия - бұл сенім, мінез-құлық және іс-әрекеттің де өзгеруіне қатысты қолданылатын ұғым. Діни конверсияны алғаш ғылыми тұрғыда зерттеген УДжеймстің пікірінше, конверсия – бұл депрессияға ұшыраған, өзін қателікке бой алдырған, бақытсыз санайтын адамның, шынайы бақытты тұлғаға саналы түрде өзгеруін қамтитын термин.

Уильям Джеймс, «Діни тәжірибенің алуандылығы» (The varieties of religious experience) атты дәрістер жиынтығы еңбегінде дінге келу және діни конверсия тақырыбына байланысты өз ойларын білдіреді. Осы дәрістерінде ол діни конверсияны адамның өмірін түбегейлі өзгертетін терең психологиялық тәжірибе ретінде сипаттайды. У.Джеймс діни конверсияны бір сәтте орындалатын әрекет емес, керісінше, адамның санасын терең өзгертіп, біртіндеп дамитын процесс ретінде қарастырады. Ол бұл процесті жиі эмоциялық дағдарыс немесе ішкі өзгеріс арқылы өтетінін айтып, адамды жаңа рухани даму кезеңіне жетелейтінін атап өтті. У.Джеймстің пікірінше дінге келу – тек жаңа сенімді қабылдау ғана емес, адамның бүкіл болмысын өзгертетін терең ішкі трансформация екенін айтады. Сонымен қатар, психолог діни конверсияны белгілі бір дін шеңберінде ғана емес, кез келген рухани дәстүр аясында болатынын түсіндіреді. Ол бұл процестің басты ерекшелігі ретінде сана трансформациясын атап өтеді.

Ғалым діни конверсияның психологиялық механизмдерін де қарастыра келе бұл процесті тек діни емес, сондай-ақ адамның ішкі қайшылықтары мен уайымдарымен күресуге көмектесетін психикалық құбылыс ретінде көреді. Оның пікірінше, діни конверсия адамның өміріне мағына мен бағыт беріп, қиындықтарды жеңуге және өзімен үйлесімділік табуға көмектеседі. У.Джеймс бұл құбылысты адамның өмірлік тәжірибесінің маңызды бөлігі ретінде көріп, адамдарға өздеріне күрделі сұрақтарға жауап табуға және ішкі тыныштыққа қол жеткізуге мүмкіндік беретінін айқын жеткізетіні [4].

Ең алғашқы зерттеулердің бірі ретінде 1929 жылы Г.Кларк жүргізген зерттеу бойынша дін ауыстырған адамдардың көбі депрессия, моральдық бұзылу, өлім қорқынышы, күнә жасау сезімі сияқты психологиялық факторлардың әсер еткендігі туралы айтады [5]. Бұл жерде діни конверсия мәселесі мен депрессия, стресс сынды адам өмірінде болатын қиындықтардың арасында байланыс бар екендігін көруге болады. Бірақ бұл барлық дін ауыстырған адамдарда болу керек шарт деген түсінік емес. Ал, Зигмунд Фрейд болса өзінің «Діни конверсия» атты мақаласында дін ауыстыру процесінің негізгі себебін «Эдиптік өшпенділіктің» тұтануына қарсы қорғаныс реакциясы ретінде қарастырды. Яғни бала кезіндегі әкеге қарсы агрессивті ашулардың Құдаймен байланысты екенін алға тартады [6]. Әрине Зигмунд Фрейдтің бұл теориясы дәлелсіз болғандықтан көптеген ғалымдар тарапынан сынға алынған болатын. Діни конверсия тақырыбындағы алғашқы зерттеу болғандықтан келесі зерттеулердің дамуына әсер еткен зерттеу ретінде бұл теория да құнды және бұл тақырыптағы зерттеулердің дамуына өз үлесін қосты деп айтуға болады.

Одан кейін жаңа діни ағымдардың шығуымен діни конверсияға ұшыраған адамдар саны тым көбейе бастады. Тіпті америкалықтардың көпшілігі өмірінде ең аз бір-екі рет дін ауыстырушы еді. Америкалық Pew зерттеу орталығының жүргізген зерттеуінен сәйкес, америкалықтардың 44% өздерінің балалық шағында ұстанған дінді ұстанбайтындығы анықталған [7]. Америка сынды үлкен алпауыт мемлекеттерде діни конверсия жасаушылардың саны кішірек мемлекеттерге қарағанда айырмашылығы бар екендігі байқалады. Бұл жерде көп ұлт тұратын мемлекеттерде діни конверсия жасаушылар көбірек кездесетіндігін көріп отырмыз. Сол сияқты ауылға қарағанда қалалық жерлерде діни конверсия оқиғалары да айтарлықтай көп. Дін ауыстыруға әсер ететін негізгі факторлардың бірі ретінде әлеуметтік және экономикалық

мәжбүрліктермен қоса, рухани және адамгершілік, әділетсіздік, қанағаттанбаушылық сияқты адамгершілік мәселелерінен де туындағанын айтуға болады. Христиан дінін таңдау кезінде интеллектуалдық ізденістен бұрын, жеке адам үшін практикалық немесе функционалды тұрғыда көмек көрсететін элементтердің басты рөл атқарағанын көруге болады. Сонымен қатар, діни конверсия жасауларына әсер еткен миссионерлік әрекеттердің нәтижелерін де жоққа шығара алмаймыз. Орталық Азия мемлекеттерінде Кеңес өкіметі ыдырағаннан кейін миссионерлердің таралуы, бұл елдердегі халықтың кедейлігін пайдаланып, ақшалай көмек, азық-түлік, денсаулық тексерулері түрінде христиан дініне шақыра бастады [8]. Кейде шынымен діни ізденіс үстінде жүріп дін жолына түскендігін де жоққа шығаруға болмайды.

Діни конверсия феномені күн өткен сайын өзектірек болып, зерттеушілері де көбейіп келе жатыр. Зерттеушілер көбейген сайын теориялары да артуда. Атап айтар болсақ депривация теориясы, әлеуметтік әсер, әлеуметтену, діни әлеуметтену, рационалды таңдау, діни ізденіс, сананың жуылуы (brainwashing), психоаналитикалық тағы басқа да теориялардың адамның діни конверсия жасауына әсері бар екендігін зерттеушілер дәлелдеуде. Христиандар көп шоғырланған мемлекеттерде мұсылмандықты қабылдау феномені көріне бастаса, мұсылмандар шоғырланған кейбір мемлекеттерде христиан немесе жаңа діни ағымдардың діни түсінігін қабылдап жатқандар бар. Сондықтан бұл феномен тек санаулы ғана мемлекеттерде емес әлем бойынша жүріп жатқан үрдіс деп айта аламыз.

Қазақстандағы діни конверсия феномені туралы айтатын болсақ, қазір қазақ қоғамындағы қазақтардың христиан дінінің православтық, католиктік, протестандық бағыттарын қабылдаған қазақ жастарын көруге болады. Сонымен қатар Кришна Санасының Қоғамы, Бахай сынды діни бірлестіктерде қазақтар саны басқа ұлттармен салыстырғанда басымырақ болса, кейбір христиан діни бірлестіктерінің басшылары қазақ ұлтының азаматтары. Мешіттерде болса исламды қабылдап жатқан кәріс және орыс ұлтының азаматтары бар екенін байқауға болады. Атақты Қазақстандық боксшы, олимпиада жүлдегері Василий Жировтың да исламды қабылдағандығы туралы ақпараттарды интернет көздерінен кездестіруге болады. Сондықтан қазақ қоғамында да діни конверсия көріністерін жиі кездестіруге болады.

Қазақстанда болып жатқан діни конверсия феноменіне қарап баға беретін болсақ, діни конверсия жасаған адам тек дінін ғана емес, өмір сүру салтын да ауыстырады. Рухани мәдениеті ғана емес өмір сүру мәдениеті де өзгеріске ұшырайды. Дінімен қоса бірегейлігі де өзгереді. Діни конверсия ол адамда болатын үлкен өзгеріс деп те айтуға болады. Егер адам бір діннің ішінде басқа тармақтарына ауысатын болса, айтарлықтай үлкен өзгеріс болмауы мүмкін. Ал, егер бір-біріне ұқсамайтын діндер арасында ауысулар болатын болса, онда ол адамның өмірінде үлкен өзгерістер болады. Діни өмір ол белгілі бір мәдениетке тиесілі рухани өмір. Сондықтан дін ауыстыру көзқарасын, мәдениетін, өмір сүру салтын, ойлау жүйесін, тіпті киім киісі мен тамақ ішуіне дейін ауысуы мүмкін екенін жоққа шығара алмаймыз.

Қазақстанда дін ауыстырған қазақтар туралы жасаған зерттеуіміз негізінен христиан дінін қабылдаған қазақтар туралы болып отыр. Зерттеуімізге христиан дінін қабылдаған 25 адам қатысып, сұхбаттасу нәтижесінде ақпараттар алынды. Зерттеуімізге қатысқан

респонденттердің 60% әйел және 40% ер адамдар. Шіркеуде жүргізілген бақылауымызда да әйел адамдардың басым екендігін байқаған болатынбыз. Әйел адамдардың ер адамдарға қарағанда дінге жақын болуы басқа да зерттеулерде анықталған тәжірибе. Әйел адамдардың ер адамдарға қарағанда физиологиялық, психологиялық қерекшеліктері мен қоғамда көп ер адамдар тарапынан зорлық-зомбылық көрулері, депрессияға көп түсуі сынды мәселелер дінге бет бұруына әкелуі мүмкін факторлардың бірі. Әйел адамдар мен жастар арасында діни конверсия көбірек кездесетін құбылыстардың бірі.

Шіркеуде жүргізілген бақылау жұмыстары нәтижесі бойынша шіркеуге келушілердің басым бөлігі жастар екендігі анықталды. Шамамен 18-35 жас аралығындағы жастар шіркеуде басым екендігі байқалады. Жалпы қазақ қоғамында дін ұстаушылардың көбі жастар. Мешіттер мен шіркеулерде осы жастардың пайыздық мөлшері қарт адамдарға қарағанда әдеқайда басым екендігін көруге болады. Себебі үлкен кісілер кеңестік дәуірде тәрбиеленгендіктен құдайға сенсе де жастарға қарағанда дінге аса қатты жақын еместігі байқалады [9].

Біздің зерттеуімізге қатысқан респонденттердің де 76% осы 18-35 жас аралығындағы адамдар. Дін ауыстыруға жастардың бейім екендігін осы тақырыпты зерттеуші ғалымдар да өз зерттеулерінде анықтаған болатын. Миссионерлерлік жұмыстардың да мақсатты түрде жастарға бағытталып жүргізілетінін ескерген жөн [10]. Сондай-ақ, жастық кезең – адамның өзгеруге және сендіруге ең қолайлы кезеңі. Мысалы Америкада 2500 адамнан тұратын топқа жүргізілген зерттеу бойынша 18-25 жас аралығындағы адамдардың ең көп өз көзқарастарын өзгертетіні анықталған, содан кейін 25-36 жас аралығындағы адамдардың келгені анықталған [11]. Жастық шақ – бұл жан-жақты даму мен өзгерістерді бастан кешіретін өмір кезеңі. Жастар үшін өз бірегейлігін (өзіндік сәйкестікті) табу, өмірден мән-мағына іздеу, өздерін үлкен бір іске арнау, қоғамдағы орнын және рөлін тану қажеттілігі сынды бастан өткеретін кезең. Сондықтан, жастардың психологиялық, эмоциялық, моральдық және әлеуметтік мәселелермен күресуге мәжбүр болуы, көптеген теріс өмір тәжірибелерін бастан кешіруді қажет етеді [11].

Жастық шақта барлық жағынан таңдау жасау міндеті жүктеледі; оқу, мамандық, дүниетаным, саясат, дін сияқты маңызды мәселелер бойынша шешім қабылдауды талап ететін процесс ретінде өтеді. Өз ішкі әлемін реттеуге тырысқанда, айналасындағы ортадағы үйлесімсіздік, белгісіздік және жылдам өзгерістер жастарды елеулі соққыларға әкелуі мүмкін. Тұрақты қолдау мен сенімді авторитеттердің болмауы, тұжырымды және қанағаттанарлық әлеуметтік құрылымдардың жетіспеушілігі болашаққа деген алаңдаушылық пен дағдарысқа әкелуі мүмкін [12]. Жастардың діни конверсиясы — бұл олардың өмірінде үлкен өзгерістер мен ізденістер кезеңі. Бұл процесс жеке тұлғаның дамуына, әлеуметтік қатынастарға және қоғаммен өзара әрекеттесуіне әсер етеді. Жастар көбінесе рухани ізденіс барысында жаңа діндер мен сенім жүйелерін қабылдайды, бұл олардың ішкі дүниесін және әлемге деген көзқарасын өзгертуі мүмкін. Әлеуметтік және психологиялық тұрғыдан, діни конверсия жастар үшін тұлғалық өсу, өзін-өзі тану және өмірлік мақсаттарға жету жолындағы маңызды қадам болуы мүмкін.

Жастардың дінге деген қызығушылығы туралы көптеген зерттеулер жасалған. Жастардың осы кезеңде өміріндегі түсініспеушілік пен алаңдаушылықтан туындаған

стресс сияқты психологиялық күйді еңсеру мәселесіне тап болады. Осы кезеңде алғаш рет отбасыларымен қарым-қатынасын ұзу салдарынан ішкі дүниесінде «жалғыздық» сияқты психологиялық жағдайларды бастан кешіруі мүмкін. Мұндай кезеңдерде көптеген жастар, байланыс фигурасы ретінде Аллаға немесе оның орнын баса алатын харизматикалық діни жетекшіге байланып, одан көмек сұрауы мүмкін. Осы және тағы басқа ерекшеліктерімен жасөспірімдік кезең, діни даму мен өзгерістердің айқын мысалдары болып табылатын кезең ретінде алға шығады. Бұл жағдай алғашқы дін психологтарының түсінуге және түсіндіруге тырысқан басты зерттеу тақырыбы болды [12].

Американдық ғалымдар діни конверсияның жастар арасында кең таралған құбылыс екендігін және бұл жағдайдың жасөспірімдер феномені екендігіне көз жеткізген. Олардың пікірінше, дін өзгерту жасөспірімдік кезеңдегі тұлға дамуындағы табиғи нәтиже болып табылады. Осы кезеңде болатын стресс пен күйзеліс жағдайында ізденіске шығу, дәстүрлі сенімдер мен құндылықтарға күмәндану, жаңа құндылықтарды таңдауға бастау жасөспірімдер үшін діни өзгеріске ықпал ететін ең қолайлы жағдайды қалыптастырады. Осылайша, дін өзгерту жасөспірімдік кезеңдегі тұлғалық дағдарысқа жауап болып, стресс пен күйзеліс кезеңін қысқартып, жасөспірімді ересектікке дайындайды. Алайда, бұл өзгерістер әркімде бірдей көрінбейді. Кейбір жастар діни және идеологиялық топтарға қосылатын болса, басқалары тек күнделікті өтетін жеңіл, уақытша ләззат сыйлайтын жұмыстармен айналысып, өзіне және қоғамға жат күйде өмір сүретін адамға айналуы мүмкін [13].

Дін ауыстыруларына әсер еткен негізі факторларға тоқталатын болсақ, діни конверсия жасауларына себеп болған бірнеше факторларды атап өтуге болады. Солардың бірі өзінің ата-бабасы ұстанған діни туралы білімдерінің болмауы. Діни конверсия жасаған қазақтардың ислам діни туралы қаншалықты хабары бар екен деген сұраққа 76% мүлдем хабары болмағаны туралы айтса, 24% өте аз білгендігін айтқан болатын. 92% балалық шағында ата-аналары ислам дініне қатысты ештеңе үйретпегендігін және басқа да діни мерекелердің үйде аталып өтпегендігін айтуда. Бұл дегеніміз дін ауыстыруларына бірден бір себеп өз діндері туралы ешқандай білімнің болмауы. Бірақ, діни конверсия тақырыбында тек қана бір себепті айту қиындау. Ислам туралы білімі барлар дін ауыстырмайды деп дөп басып айтуға болмайды. Себебі Түркияда христиан болған түріктерді зерттеген Чайырдың зерттеуі бойынша түріктердің 74% ислам туралы білімі болған және кейбіреулері Құран курстарына қатысқандар. Түркиядағы зерттеулерде көбінде балаларына күшпен исламды үйреткендіктен ол балаларда ислам дініне деген өшпенділік қалыптасып, соңында басқа дінге өткендігі туралы айтылады. [14].

Діни конверсия тақырыптарында көп қаралатын мәселе ол депрессия немесе өмірлік травмалар. Зерттеуімізге қатысқан христиан болған қазақтардың 76% өмірлік қиындықтар мен травмаларды бастан өткергендер. Көпшілігі балалық немесе жастық шақтарын 1990-2000 жылдары өткізгендер. Осы жылдары болған кризистермен тікелей байланысты. Дін өзгерткен адамдардың алғашқы ересектік кезеңдерінде отбасылық жағдайлар, ажырасу, жесір қалу, ата-ана жоғалту сияқты психо-әлеуметтік өтпелі кезеңдерді бастан кешірулері дін өзгерту құбылысының 22-40 жас аралығында жиі көрінуіне әсер етуі мүмкін. Сол сияқты, осы жастық кезеңде жеке тұлғалық

дағдарыстар мен өмірінде жауабы жоқ сұрақтардың көп болуы қатты әсер етеді. Сол себепті депрессия, стресс, травмалық қиындықтардың діни конверсиямен байланысты екендігін көруге болады. Бұндай көрсеткіштер басқа да зерттеулерде анықталған болатын. Мысалы мұсылман болған ағылшындарды зерттеген дін психологы профессор Али Көсенің зерттеуінде де 60% өмірлік травмалар алғандар дін ауыстырған [1,786]. Қазақ қоғамында жүргізген зерттеуімізде де өмірлік қиындықтарды бастан өткерген адамдардың дін ауыстыруға бейім екендігі анықталып отыр.

Қазақстанда тәуелсіздіктен кейінгі кезеңде түрлі діндердің, соның ішінде христиан дінінің, ықпалы артты. Экономикалық қиыншылықтар мен әлеуметтік өзгерістер кезінде көптеген адамдар өздеріне жаңа рухани бағыт іздеп, христиандықты қабылдаған болуы мүмкін. Христиан миссионерлері мен ұйымдары бұл кезеңде белсенді жұмыс істегенін атап өту маңызды, себебі олар жаңа білім мен өмір салтының ұсыныстары арқылы бірқатар адамдардың назарын өздеріне аударды. Христиан дінін қабылдауына себепкер болған негізгі факторлардың бірі ретінде белсенді миссионерлік жұмыстарды да айтуға болады. Зерттеуімізге қатысқандардың 72% христиан дініндегілермен танысқаннан кейін христиан дінін қабылдаған болатын. Әсіресе тәуелсіздіктен кейінгі қиындық кездерінде елімізге келген христиан дінінің бағыттары өте белсенді болғанын айта кету керек. Сондықтан миссионерлікті де негізгі факторлардың бірі ретінде көрсетуге болады.

Дін ауыстырғаннан кейін адамның өмірінде әртүрлі деңгейдегі өзгерістер орын алады. Олар: психологиялық, әлеуметтік, тұлғалық және рухани аспектілерде байқалады. Психологиялық өзгеріс ретінде жаңа сенім жүйесі арқылы ішкі тыныштық пен тұрақтылық сезімін ұсынуы мүмкін. Кейбір зерттеулер көрсеткендей, дінге сену адамның стресс, мазасыздық немесе депрессияны жеңуіне көмектеседі. Адамның дүниетанымын өзгертіп, оның моральдық құндылықтары мен өмірлік принциптерін қайта қарауына әкеліп жатады. Дінге бет бұрған адам өмірдің мәнін басқа көзқараспен қарап, жаңадан өмір бастайды. Бұл оның мақсаттарына, қарым-қатынастарға және өмірдегі басымдықтарына әсер етуі ықтимал. Дін ауыстырған адам бұрынғы қоғамынан немесе әлеуметтік топтарынан бөлінуі мүмкін, бірақ бұл жаңа дінмен байланысты жаңа топтарға немесе қауымдастықтарға кіруіне алып келеді. Дін ауыстырудың отбасылық және достық қатынастарға әсер етеді, себебі адамдардың жаңа сенімдері мен құндылықтары кейде жақындарымен түсінбеушілікке алып келеді. Дін ауыстыру әрбір адамның жеке жағдайына, сенімдеріне және өмірлік тәжірибесіне байланысты әртүрлі нәтижелерге әкелуі мүмкін.

Ал, біздің қарастырып отырған қазақ қоғамында христиан болған жастардың да дін ауыстырғаннан кейін өмірлерінде үлкен өзгерістер болғандығын айтқан болатын. Христиан болған қазақ жастарының 85% дін ауыстырғаннан кейін жақсы жаққа өзгергендігін, өмірдің мәнін тапқандарын айтуда. Ішімдік ішу, нашақорлық сынды жаман әдеттерден арылғандар да бар екенін анықталды. Көбіне әйел қауымында киім-киістерінде өзгерістер болған. Бұрынғыдай ашық киімдер кимей, жабық киінуге тырысып жүргендерін жеткізді. Дін ауыстырғандардың өмірлерінде осындай өзгерістерді орын алғанын көруге болады. Дін ауыстырғанда тек діни сенім ғана емес, сонымен қатар өмірге деген көзқарас, киімге, тамаққа деген талғам, жүріс-тұрысқа дейін өзгертіндігін

көрсетіп отыр. Сол себепті діни конверсия діннің ғана емес адамның мінез-құлықтарына дейінгі өзгерістерді қамтитын үлкен өзгеріс екенін айта кету керек.

Қорытынды

Адам өміріндегі жағымды және жағымсыз оқиғалар олардың дінмен қарым-қатынасын қайта қарауларына себепкер болады. Біреулері діннен алыстаса, енді біреулер дінге бет бұрады. Қазақ ойшылы Шәкәрімнің айтуынша: «Адам өз өмірінде үш сұраққа жауап іздейді. 1. Мен қайдан келдім? 2. Мен не істеуім керек? 3. Мен қайда барамын?». Адам сезімтал және ойлайтын, ойланатын жаратылыс болғандықтан, басынан өткерген келеңсіз оқиғалардан кейін осы үш сұраққа жауап іздеп, жауабын көбіне діннен табады. Оны өз дінінен таба алмаса, басқа діндерден іздейді. Адамның осы сияқты дінге қатысты өзгерістерін діни конверсия ұғымы арқылы мән-мағынасын ашамыз.

Қоғамдағы діннің рөлі артқан сайын діни конверсия жасаушылардың саны да артады. Жастар өздерінің даму үдерісі кезінде бастан кешіретін оқиғалары (тұлға дағдарыстары, кінә, күнә, өмірдің мән-мағынасын іздеу, күйзеліс оқиғалары, өзіне деген сенімсіздік) дінге келуіне әкеп соқтыруы мүмкін. Кейде діни конверсия жасау арқылы жеке тұлға өз ішкі дағдарыстарынан арылып, жаңа өмірлік мағына мен бағдар табады. У.Джеймс діни конверсия жасауды тек діни көзқарас тұрғысынан ғана емес, адамның өзін-өзі дамыту процесі ретінде қарастырады. Адам діни сенім арқылы өзінің шынайы “менін” табуға және өмірінің жаңа мәнін қалыптастыруға қол жеткізеді. Сол себепті де жастар арасында діни конверсия жасаушылар жиі кездеседі.

Діни конверсия тақырыбы өте ауқымды және күрделі тақырыптардың бірі. Дін ауыстыруға әсер ететін бір ғана факторды дөп басып айту қиын. Әсер ететін психологиялық, әлеуметтік, экономикалық, саяси сынды факторлар бар. Біз өз зерттеуімізде әсер еткен негізгі психо-әлеуметтік факторларды анықтауға тырыстық. Зерттеуіміздің қорытындысы ретінде жастардың діни конверсия жасауларына әсер еткен негізгі психо-әлеуметтік факторлардың қатарына жастық шақтың өтпелі кезеңдеріндегі күйзеліс, депрессия, стресс сияқты процестердің әсері, адам психологиясына әсер ететін белсенді миссионерлік жұмыстардың әсері және өз ұлтының дәстүрлі дініне қатысты діни сауаттылықтарының төмен болуы да өз әсерін тигізгені анықталып отыр. Сонымен қатар кейбір жастарға экономикалық қиындықтан туындаған мәселелердің де діни ізденіске әкеп соқтырған сәттерінің бар екендігін жоққа шығара алмаймыз. Өлім бар жерде дін де болады. Дін болған жерде діни конверсия да болатыны сөзсіз. Сондықтан бұл феномен әрқашан ұлттарға, мемлекеттерге және заман мен қоғамға байланысты түрлі формада көрініс тауып отырады.

Қаржыландыру. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің AP19175415 ғылыми-зерттеу гранттық жобасы шеңберінде дайындалды.

Авторлардың қосқан үлесі:

Калиев Каскырбек – Мақаланың теориялық тұжырымдамасын, ғылыми өңдеу жұмыстарын, түрік, ағылшын тілдеріндегі материалдарды талдап, мақала жазу жұмыстарын атқарды.

Темур Аманқұл – зерттеу тұжырымдамасы мен әдістемесін жобалау, далалық зерттеу жұмыстарын жүргізу, эмпирикалық мәліметтерді дайындау жұмыстарын жүргізді.

Әдебиеттер

1. Kose A. (1994). Conversion to Islam: a study of native British converts : дис. – University of London
2. Zhaxybayeva A. et al. (2024). The phenomenon of religious conversion in Kazakhstan and its influence on personality formation //Pharos Journal of Theology. 105(3). DOI: <https://doi.org/10.46222/pharosjot.105.38>
3. Stronge S. et al. (2021). Religion and the development of character: Personality changes before and after religious conversion and deconversion //Social Psychological and Personality Science. 12(5), 801-811. DOI:<https://doi.org/10.1177/1948550620942381>
4. William J. (1961). The Varieties of Religious Experience, Amazon Distribution GmbH, ss.160;207.
5. Clark G. L. (1907). The Test of Conversion //Commw. L. Rev. 5, 212.
6. Freud S. (1933). A religious experience //The Psychoanalytic Review (1913-1957). 20, 352.
7. Heirich Max (1977). "Change of Heart: A Test of Some Wideley Held Theories About Religious Conversion", American Jurnal of Sosyology, 83, ss.672-675.
8. Aydar H. (2010). Orta Asya'da Misyonerler ve Faaliyetleri: Kırgızistan Örneği //Journal of Istanbul University Faculty of Theology. 23, 5-44.
9. Қалиев Қ. (2023). Астана қаласындағы діни конверсия феномені: әлеуметтанулық талдау //Адам әлемі. 1 (95), 173-178. DOI: <https://doi.org/10.48010/2023.1/1999-5849.16>
10. Kaliyev K. et al. (2023). A Psycho-Sociological Study of Converted Kazakhs in Kazakhstan // Academic Journal of Interdisciplinary Studies. 12. DOI: <https://doi.org/10.36941/ajis-2023-0022>
11. J.A. Krosnick ve D.F. (1989). Alwin, "Aging and susceptibility to attitude change", Journal of Personality and Social Psychology, 57, s. 416-425
12. Hökeleli H. (2013). Religion, religiosity, and research in psychology of religion in Turkey: an assessment of locality and universality problem //Ilahiyat Studies. 3(2), 223-245. <https://doi.org/10.12730/13091719.2012.32.60>
13. Gillespie, V. B. (1991) The Dynamics of Religious Conversion, Alabama s. 180-181
14. Çayır C. (2008). Türkiye'de din değiştirip hristiyanlığa geçişin psiko-sosyal etkenleri.

К.Калиев, Т. Аманкул

*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан*

Феномен религиозной конверсии среди казахской молодежи и основные психосоциальные факторы, влияющие на него

Аннотация: Феномен религии всегда оказывал влияние на общество, независимо от его стадии. Религия считается одним из важных элементов в жизни некоторых людей. Поэтому в обществе часто возникают вопросы, связанные с религией. Одним из особенно актуальных

вопросов является тема религиозной конверсии. Доля молодежи среди тех, кто делает религиозную конверсию, очень высока.

Изменение поведения молодых людей, их религиозное понимание и взгляды на жизнь входят в число тем, представляющих интерес для ученых в таких областях, как религиоведение, психология и социология.

В данной статье дается определение понятия религиозной конверсии и рассматриваются основные психосоциальные факторы, влияющие на религиозную конверсию среди казахской молодежи. Также рассматриваются взгляды психологов, стоявших у истоков данного исследования.

Анализируются современные проявления религиозной конверсии и исследования по этой теме. Указываются причины роста этого явления в современном обществе, а также сравниваются и анализируются явления религиозной конверсии в казахском обществе и других странах. То есть, помимо исследований зарубежной литературы, рассматриваются и проявления религиозной конверсии в нашей стране, анализируются теории, связанные с этой темой.

В исследовании также посредством интервью представлен и проанализирован опыт обращения 25 респондентов, которые прошли через конверсию.

Ключевые слова: казахское общество, религиозная конверсия, казахская молодежь, психосоциальный фактор, психология религии, религиозные изменения, депрессия.

K. Kaliyev, T. Amankul

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

The Phenomenon of Religious Conversion Among Kazakh Youth and the Main Psychosocial Factors Influencing It

Abstract: The phenomenon of religion has always influenced society, regardless of its stage. Religion is considered one of the most important elements in some people's lives. Therefore, questions related to religion often arise in society. One of the most pressing issues is the topic of religious conversion. The proportion of young people among those who passed through religious conversion is very high. Changes in young people's behaviour, religious understanding, and outlook on life are among the topics of interest to scholars in fields such as religious studies, psychology, and sociology. This article defines the concept of religious conversion and examines the main psychosocial factors influencing religious conversion among Kazakh youth. It also examines the views of psychologists who were at the origin of this study. It analyses the modern manifestations of religious conversion and the research on this topic. The reasons for the growth of this phenomenon in modern society are shown, and the phenomena of religious conversion in Kazakh society and other countries are compared and analysed. That is, in addition to the studies of foreign literature, the manifestations of religious conversion in our country are also considered, and the theories on this subject are analysed. The study also presented and analysed the results of interviews with 25 respondents who had undergone religious conversion.

Keywords: Kazakh society, Religious conversion, Kazakh youth, Psychosocial factor, Psychology of religion, Religious changes, Depression.

References

1. Kose A.(1996). Conversion to Islam: a study of native British converts. – Routledge
2. Zhaxybayeva A. et al. (2024). The phenomenon of religious conversion in Kazakhstan and its influence on personality formation //Pharos Journal of Theology. 105(3). DOI: <https://doi.org/10.46222/pharosjot.105.38>
3. Stronge S. et al. (2021). Religion and the development of character: Personality changes before and after religious conversion and deconversion //Social Psychological and Personality Science. 12(5), 801-811. DOI:<https://doi.org/10.1177/1948550620942381>
4. William J. (1961). The Varieties of Religious Experience, Amazon Distribution GmbH, ss.160;207
5. Clark G.L. (1907). The Test of Conversion //Commw. L. Rev. 5, 212
6. Freud S. (1933). A religious experience //The Psychoanalytic Review (1913-1957). 20, 352
7. Heirich Max (2010). "Change of Heart: A Test of Some Wideley Held Theories About Religious Conversion", American Jurnal of Sosyology, 83, 1977, ss.672-Aydar H. Orta Asya'da Misyonerler ve Faaliyetleri: Kırgızistan Örneği //Journal of Istanbul University Faculty of Theology. 23, 5-44
8. Kaliev K. (2023). Astana kalasyndagy dini konversiya fenomeni: aleumettanulyk taldaу // Adam aleml. 1(95), 173-178, <https://doi.org/10.48010/2023.1/1999-5849.16>
9. Kaliyev K. et al. (2023). A Psycho-Sociological Study of Converted Kazakhs in Kazakhstan // Academic Journal of Interdisciplinary Studies. 12. DOI: <https://doi.org/10.36941/ajis-2023-0022>
10. J.A. Krosnick ve D.F. Alwin (1989). "Aging and susceptibility to attitude change",Journal of Personality and Social Psychology, 57, s. 416-425
11. Hökelekli H. (2013). Religion, religiosity, and research in psychology of religion in Turkey: an assessment of locality and universality problem //Ilahiyat Studies. 3(2), 223-245, <https://doi.org/10.12730/13091719.2012.32.60> Gillespie, V. B. (1991). The Dynamics of Religious Conversion, Alabama, s. 180-181
12. Çayır C. (2008). Türkiye'de din değiştirip hıristiyanlığа geçişin psiko-sosyal etkenleri.

Авторлар туралы мәлімет

Калиев Каскырбек – Ph.D., дінтану кафедрасының аға оқытушысы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қ. Сәтбаев к., 2, 010008, Астана, Қазақстан, E-mail: kashonti@mail.ru

Темур Аманқұл – Ph.D., Ph.D., дінтану кафедрасының аға оқытушысы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, әл-Фараби даңғылы, 71, 050000, Алматы, Қазақстан, E-mail: amankul_2007temur@mail.ru

Information about authors

Kaskyrbek Kaliyev – Ph.D., Senior Lecturer, Department of Religious Studies, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2, Satpayev st., 010008, Astana, Kazakhstan, E-mail: kashonti@mail.ru

Temur Amankul – Ph.D., Senior Lecturer, Department of Religious Studies, Al-Farabi Kazakh National University, Al-Farabi Ave., 71, 050000, Almaty, Kazakhstan, E-mail: amankul_2007temur@mail.ru

Информация об авторах:

Каскырбек Калиев – Ph.D., старший преподаватель кафедры религиоведения, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, ул. К.Сатпаева, 2, 010008, Астана, Казахстан, E-mail: kashonti@mail.ru.

Темур Аманқұл – Ph.D., старший преподаватель кафедры религиоведения, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, пр. Аль-Фараби, 71, 050000, Алматы, Казахстан, E-mail: amankul_2007temur@mail.ru